Айтарыңды ағыта бер тосылмай.
Ту желкөмнен қадалғанша сұр жөбе,
Қыңырайып кете берем осылай.

Айжан Амангелді
"ФҚТ" 11 - топ

Сүйінші!

Біздің Абат аға - ғалым-журналист!



Филология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының - біздің сүйікті ұстазымыздың, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі атанғанын қуана хабарлаймыз. Ұстаздық жолында сан қырлы істер атқарып жүрген Абат Сатыбайұлының еңбектері көпшілікке аян. Ғылым мен білімге бас иген ғалым - ұстазымыздың еңбекқорлығы мен ізденісі жастарға өнеге болуда. «Жастық - ауырып-сырқырап, жалқаулыққа бой беретін кез емес,

талмай ой еңбегі мен қол еңбегін күшейтетін уақыт» деп, үнемі студент-жастарға санау ой сала жүретін қадірлі профессорымыздың тәлімді тағылымын керіп, шығармашылықпен шыңдалып жүргенімізге төбеміз көкке жеткендей қуаныштымыз. Күш-қуаты қашан да бабында жүретін тұлғамыздың талай туындылары жарық көруде. Филология факультетінің деканы қызметіне қоса, «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығына жетекшілік жасай жүріп, жемісті де жеңісті еңбек етуде. Батыр баба атындағы орталық



жастар керкі санайтын ұстазымыз өзі секілді көсемсөз шеберлерін талмай баулуда. Жастарды баулу ісінде ішкен асын жерге қоятын осындай елеулі, еңселі ел ағалары біз үшін мақтаныш өрі үлгі.

Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы
Ж у р н а л и с т е р
О д а ғ ы н ы ң
м ү ш е с і б о л у –
а у қ ы м д ы
б а с ы л ы м д а р ғ а

орасан мол көлемді қоғамдағы сан алуан тақырыптарға үн қоса жазылған мақалалардың авторына берілетін зор мәртебе. Білім жолында шәкірттерін сусындата жүріп, халық назарына ұсынылатын айтулы басылымдарға кең көлемді мақала жариялай білу де - ізденімпаздылық пен шыңы биік шығармашылықтың айқын дәлелі, молынан төгілген төрдің жемісі. Осыған орай, Абат Сатыбайұлын қызмет жолындағы кезекті, айтулы жеңісімен құттықтаймыз! Саулық, амандық тілей келе, бойыңыздағы күш-қуатыңыз таусылмасын демекпіз! Нағыз кәсіби маманның үлгісін көрсете жүріп, шәкірттеріңіздің арасында бақытты өмір сүріңіз! Құттықтаймыз!

Ізгі ниетпен, филология факультетінің студенттері атынан
Мөлдір Латифова
(қазақ филологиясы),
Дина Қапизова (шет тілдері),
Камила Сукпуосунова
(орыс филологиясы)

«Шешендік мектебі» («Школа ораторского искусства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы - А.С.Қыдыршаев, тілшілері - Айжан Амангелді (ФҚТ, фил-11-топ), Мөлдір Серікқали, Жайнагүл Абылай (ФҚТ, 02305-топ), Нарқыз Сұлтан (Б-17-топ)



Бата

Исатай баба
Кешегі Хан Орда –
Бүгінгі халық орда –
Тарихи тұлғалар отаны.
Өлкеде хан Жәңгір мүддесі де
Топ-тобыр мүддесі де жоқ,
Халық мүддесі жоғары!
О, Махамбет – еркіндік ұраны,
Ақ Жайық баяғыдай,
Суы тайыз, нуы сөлдір,
Жағалай ел, халқы небір.

Тату-төтті, қуатты тұр!
«Ұлы арман» Мәңгі елге айналды,
«Туған ұл» атамекенді жайланды.
Жастар – рухы құрыш,
Арманы биік
Тұрғандай бақыт туы қолға тиіп!
Тіл-көзден сақта!
Жастар, ел үмітін ақта!

Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов,
университет ақсақалы ғалым-ұстаз

Махамбет рухы негізінде патриот маман баулу



Ұлтжандылыққа баулу, көнеден қалған көзді қадірлеу мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығы орамды ой салар көшенді шараларымен таңқалдырып келеді. Жыл сайынғы дәстүрлі Махамбет баба шығармашылығына арналған онкүндіктің биылғы ашылу салтанатына да көпшілік куә. Қазан айының бел ортасында ұйымдастырылған «Махамбет – арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы» атты студент-жастарға патриоттық тәлім беру онкүндігі түрлі тағылымды тарту-таралғыларымен төңірекке оқшау ой салды. Ізгі шара ашылуында университет ректоры, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиев Махамбетті ұлт намысы тұрғысында пайымдай келе, батыр бабаның патриоттық тәлімін насихаттап жүрген айтулы орталық мамандарының жұмысына сәттілік тіледі. Жорық жырлары арқылы өлмес ер ұлдың ұрпағына қалдырған ұлағаты орасан зор. Ерлік поэзиясының шырқау шыңы Махамбет өлеңдері қашан да кеудеге намыс отын жағып, рухтандырады. Осы бір жағдай сол сәтте орын алды. Жалынды ақынның өлеңдері оқылды. Азаматымыздың арда жырлары ана тілімізде ғана айтылмай, шет тілінде де тізіле кетті. Филология факультетінің студенттері А.Шығыров, Ә.Аманжоловтар ақынның рухты жырларын төл ана тілімізде бастап, Д.Капезова, А.Әбжәлиевалар ағылшын тілінде, М.Құрбанова, С.Клименколар орыс тілінде, Д.Жеңіс қытай тілінде жалғастыра кетті.

Шаңырағымыз жыл өте өнерлі өрендерімен топыға түсуде. Жалынды жырлармен тұнып тұрған жастардың осындай өнегелі шараларда әдебиет пен тарихтағы шоқтығы биік шығармаларды оқуымен қатар, өз жүректерінен өресі биік өлеңдер тудыратын жас ақындар да жетерлік. «Төбіреніп шынайы жыр арнадым, салмақ салып саналы жүрегіме» демекші, биылғы онкүндікте баһадүр рухына бағышталған арнау-жырлардың қатары І курс студенті Мәрлен Ғылымхановтың «Баба» атты Махамбетке арнауымен толықты.



Бір топ өнерпаздардан соң, филология факультетінің 3-курс студенттерінің қолға алуымен «Махамбет әлемі» 20 томдығына шолу жасалды. Онкүндік бағдарламасына сәйкес «Уа, Махамбет, айбарлы!» атауымен лекция-өңімге көзек беріліп, белгілі әдебиеттанушы ғалым, БҚМУ профессоры С.Ғ. Шарабасов Махамбеттану тақырыбында ой ербітіп, батыр есімін иеленген бұл білім ордасының әр студенті кем дегенде Махамбеттің жеті өлеңін жатқа білуі тиістілігімен сөзін тежеді.

Динаралар (3-орын) шашасына шаң жұқтырмай, марапат шыңынан көрінді. Онкүндік қазанның 19-ы күні жыр додасымен жалғасты. Университетіміздің филология факультеті адуынды ақындарымен ажарлы. Айтысу тұрғысына келгенде, алдарына жан салған емес. Республика көлеміне танымал Жансая Мусина сынды төлімгеріміздің бауырына жорғалаған жас ақындар шоғыры бұл жолы да жауһар жырдан аянып қалмады. Махамбеттің рухы қолдағай деп, сөз барымтасымен сүйсінткен айтыскерлер сүбелі сөз, оқшау ойларымен көрерменнің қосамағына бөленді. Жансая Ғалымжанқызы Мусинаның жетекшілігімен «Асқақ рухы қазақтың Махамбет болып сомдалған» тақырыбындағы жас ақындар айтысы жоғары деңгейде өткізілді. Ақын ерлігін, оның поэзиясын жырына арқау еткен айтыскерлер жеті жұпты құрады. Студенттер Ғылымханов Мәрлен мен Мөңдіқұлов Орынбектің айтысы үздіктер қатарынан танылды. Бұл күнгі «Жанарыма жарқ етіп шоқ түседі, ойлы көзбен жырыңа үңілгенде» топтамасындағы арқалы ақын Махамбеттің жорық жырларын қазақ тілінде мөнерлеп нақышты оқу конкурсы да айта қаларлықтай сәтіммен үйлескен шара болды. Қорытындыда Нұхы Жамбыл (1-орын), Орынғали Ақторғын (2-орын), Тұрлан Ару (3-орын) секілді ақын өлеңдерін мөнерлеп жатқа оқушылар көркем сөздің ерек үлгісін көрсетті. Қазанның 20-сында «Буыршындай мұзға жығылған Махамбет серттен тайып па?» атты үздік Махамбеттанушы интеллектуалдар сайысына кезек беріліп, 1-курс студенттері Салауатов Бағдуәлет 1-орынға, Әзім Әйгерім 2-орынға, Серікова Нұржауған (II курс), Алтыбаева Айданалар (I курс) 3-орынға лайық деп саналды.

Университетіміздің ғалым-ұстаздары мен белсенді студенттерінен жасақталған топ батырлар тұлпарының табаны тиген жерлерді зерттеуге аттанып жүр. Зерттеу барысында табылған сан алуан ел игілігіне қажетті деректер журнал, газет беттеріне жарияланып келеді. Соған сай, «Бабалар тарихына тағызым» экспедициясы ізімен дайындалған «Нарын – қанды ұрыста мың өліп, мың тірілген көзсіз батыр өлкесі» атты танымдық-публицистикалық фильмі де осы күні жұртшылық назарына ұсынылды.

Ал қазанның 21-і күні күмбірлеген күй көшіне кезек беріліп, баба өнерінің сом бір қыры паш етілді. Махамбеттің күйлерін тамаша орындаған талай дүлдүлдерге көпшілік таңдай қағысты. Күй көшін ұйымдастырған білім ордасының мәдениет және өнер факультетінің ұжымына

(деканы Мейрам Исатайұлы Исатаев) көзі қарақты көрермен ризашылықпен қол соқты. Күй шеберлерінен кейін «Төндік қуып, алмас қылыш тағынғанда» (Тәуелсіздік – ұлттық құндылық) тақырыбындағы ойбөліске бас қойылды. «Сен тұр, мен атайын» тұрғысындағы пікірсайысшылар озық ойларымен әдемі ойын өрнегін көрсете білді. Турнир қорытындысында «Висенте Кольдерон» фракциясы жеңіске жетіп, арнайы кубокпен марапатталды. II дәрежелі ойын көрсеткішімен «Әділет» фракциясы, III орынмен «DEMO versions» фракциясы қолпашталды. Ойын барысын еділ бағалап, қорытынды сараптама жасаған студент Арнұр Мақсотов «үздік төреші» атанса, «DEMO versions» фракциясының спикері Тұрпыбай Ерман сапалы ойын үлгісімен «үздік спикер» атанды. Қазанның 22-сі күні III-IV курс студенттері үшін «Махамбет шығармаларының мектепте оқытылуы» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өткізіліп, дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат көшенің мұғалімі, ақын Оралбек Ысқақ, облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Рақымжан Орынбайұлы Хамза мырза бастаған мектеп оқушылары асқан ұйымшылдықпен қатысып, Махамбет жырларын табиғатына өне оқып, қатысушылардың құлақ құрышын қандырды. Аталмыш мектеп мұғалімдері де, әдіскер-ғалымдар да киелі оқу орнының мінбесіне көтеріліп, Махамбет шығармашылығына шолу жасады, оқыту жолдарымен бөлісті, кейінгі ұрпаққа бөер төлім-тәрбиелік мөнін баяндады. Әдістемелік семинар барысында филология факультетінің IV курс студенті Айдана Татаханова дипломдық жұмысы негізінде мектеп бағдарламасына енген Махамбет туындыларының оқытылуының әдістемелік жүйесіне акцент бере білді. Тап осы сәттерде көпшілік назарына «Исатай-Махамбет – ұлт рухы» тақырыбындағы фото-көрмесі де ұсынылды. Қазанның 23-і күні «Махамбет оқулары – 7» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Республиканың түкпір-

түкпірінен келген ғалымдар Махамбеттану және өзге де мәселелерге қатысты баяндамаларын оқыды. Конференция басында «Исатай-Махамбет» журналының тұсауы кесілді. Түстен кейін университет профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, академик Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының шеберлік класы сәтімен өтті. «Шешендік – педагогикалық шеберлік негізі» атауымен өткізілген шеберлік класына филология факультетінің I, II, III, IV курс студенттері қатысып, алдын-ала белгіленген тақырыптарға сәйкес өзіндік слайдтар негізінде өзіндік пікір-тұжырымдарын шешен тілде ұсына білді. Осы күні көпшілікте конференция қонақтары облыстық қазақ драма театрында қойылған жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың «Хан Жәңгір» спектаклінің премьерасын тамашалады. Қазанның 24-і күні айтулы онкүндіктің жабылу салтанаты өзірленіп, конференция қонақтары М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, ҚР ӨҒА академигі Тайжанов Алтай Тайжанұлы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Жұбановтану ғылыми-зерттеу лабораториясының меңгерушісі Баймұқанов Болат Шағырбайұлы сынды ғалымдар өзіндік ойларын ербітіп, университет жанындағы орталықтың тағылымды тарихи-танымдық шараларына оң пікірлерін танытып, қолдау білдірді. Онкүндік аясында белсенділік танытып, жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан ғалым-ұстаздар мен студенттерге арнайы өзірленген сертификаттар мен дипломдар табысталды. Онкүндік түйінінде «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев сөз алып, Махамбет бабамыздың ердайым ер рухымыздың байрағы, ерлердің намыс қайрағы бола берерін баса айтты.

Сан ғасыр өтсе де, мұра боп сақталатын батыр туралы деректер, ол жайында жазылған мақалалар, арнап басылған газет-журналдар, көлемді кітаптар, ұлы ісі мен ұлағатты ойы жазылған жұмыстар қашан да ұрпаққа аманат. Онкүндік барысында сол аманатты ардақтай білетін білім ошағымыздың ғылыми кітапханасы оғланымызға қатысты барлық құнды дүниелерді «Махамбеттану: кешегісі, бүгінгі, келешегі», «Шешендік – студент-жастар көркі», «Нарын – ғасырлар Ерлігін арқалаған өлке» тақырыптарында жасақталған көрме тұрғысында ұсына білді. Махамбет баба рухы негізінде патриот маман баулу ісінде сериалды тиімді де тағылымды іс-шараларға тірек болған, сандаған ойларға тиек болған онкүндік университет ақсақалы Серікқали Ғабдешұлы Шарабасовтың батасымен түйінделді. Иә, жанмен сезіну, ақылмен бағалауды қажет ететін қайсар ұлдың отты жырлары мен таңғажайып өрлігі қашан да мақтаныш. Ел тарихында алтын өріппен аты қашалған өрлеріміздің есімі осындай игі істермен дәріптеле беретіндігіне сенім мол.

Мөлдір Латифова,
«ФҚТ» мамандығы, 02305-топ

«Махамбет дауысы» - «Голос Махамбета» - «Makhambet's voice» жаршысының жауапты редакторы – Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев (орталық жетекшісі), тілшілері – Ақбаян Таймұханова, Мөлдір Латифова («ФҚТ», 02305-топ)

NUMBER ONE ЕСТЕСТВЕННО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

Мини-опрос в этом номере мы посвятили старейшему факультету университета - естественно-географическому. Вопросы самые разные, главное, насколько студенты любят и знают свой факультет.

Студенческий декан естественно-географического факультета Утеген Елдос Муратулы:

«Біздің жаратылыстану-география факультеті - университетіміздегі тұңғыш ашылған факультет. Факультет кең көлемді, базасы кең. Факультетімізді ардагер ұстаздар, елге танымал азаматтар оқып бітірген. Біздің факультетіміздің құрамында 3 кафедра бар: биология және экология, химия, география. Біздің ендігі мақсатымыз - факультеттің 1-4-курс студенттерін ғылыми жағынан дамыту, «XXI ғасыр көшбасшысы» секілді әр түрлі шаралар мен жарыстар ұйымдастыру, ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға бірінші курс студенттеріне бағыт беру және олардың ішіндегі талапты да өнерлі студенттерді дамыту, кастинг ұйымдастырып, өнші-бишілер, жүргізуші-тілшілер, ақындар болса оларды шыңдап, университеттің деңгейге шығару.

Абылай Қонысбаев, зам. студенческого декана естественно-географического факультета:

«Факультет №1 - наш естественно-географический факультет, который основан пятого октября 1932 года, в числе первых факультетов в составе Уральского педагогического института. На нашем факультете работали такие известные ученые, как В.В.Иванов, Г.Е.Москалев, А.Н.Азербайев, Ф.А.Жусипов. И мы должны гордиться этим. Мы, активисты, сохранив высокий уровень нашего факультета, будем дальше развивать факультет, приобретать славу, сделаем все возможное и постараемся внести свою лепту для развития нашего университета.

Асем Елекова, ГЕО-11:

«Я учусь по специальности научная география, которая является универсальной. Благодаря этой специальности я могу работать

в нескольких сферах. Лично я в будущем хочу стать хорошим специалистом, преподавателем географии. Помимо учителя географии, я могу работать в землеведении, стать кадастром или же оценщиком. Я приехала из Актобе и выбрала ЗГУ им. М.Утемисова, один из старейших университетов нашей страны. Кафедра географии была организована в 1938 году. Значительный



вклад в годы войны внесли профессора М. В.Фремд, М.Н.Королев, Ф.П.Калинин и многие другие. И я бы хотела, как многие выдающиеся ученые, начать свою научную работу и принимать участие в научных работах нашего факультета.

Инкар Абдирова, ГЕО-11.

«Мы активно участвуем и проводим разные конкурсы и мероприятия на нашем факультете. В ближайшие дни, ко Дню студентов, мы со своей группой взяли ответственность за проведение яркого конкурса «Мисс ГЕОФАК-2015» среди милых первокурсниц естественно-географического факультета. Мы устраиваем этот конкурс для того, чтобы студенты нашего факультета стали активно участвовать в разных мероприятиях и конкурсах, привывали к нашему университету и факультету, показали себя с разных сторон, развивали свои способности, обогащали свои знания и расширяли кругозор.

подготовку высококвалифицированных учителей-химиков, некоторые из них стали учеными и вносят свой вклад в развитие науки и образования. Я бы хотел, как и многие выпускники нашего факультета, работать ведущим специалистом в своей отрасли.

Айдана Сапарова, ХТОВ-11:

«Мен «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша 80 жылдық тарихы бар Махамбет университетін, «органикалық химия» мамандығын тандағаным қатты қуанамын. Осы жаратылыстану-география факультетінде еліміздің мықты саясаткері Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов оқыды, сондықтан мен де осы Махамбет университетінде «органикалық химия» мамандығында оқитынымды мақтан тұтамын. Болашақта сабағымды үздік оқып, университетіміздің мақтанышы, өзіміңің мамандығымның үздік маманы болуға тырысамын.

Айнур Шауменова, ЭКО-12:

«Загрязнение окружающей среды – одна из главных проблем нашего времени. Я выбрала специальность эколога, так как она необходима для общества. Буду изучать современное состояние почвенно-растительного покрова, растительного и животного мира, решать проблемы по восстановлению нарушенной экосистемы не только нашей области, но и всего Казахстана. Также я хочу внести вклад для развития современных технологий. Я уверена, что каждый студент благодаря преподавателям, профессионалам своего дела, удостоится высоких наград и дойдет до своей цели.

Калима Максот, ХТОВ-11:

«Я уверена, что меня ждет прекрасное будущее, если я буду учиться здесь. Пока в основном у всех первокурсников период адаптации, но мы еще покажем себя с разных сторон. Ведь постоянное совершенствование и развитие образования в сочетании энтузиазма и энергичности молодости с опытом и знаниями старших дает нам возможность идти в ногу со временем и стать специалистами высшего класса.

Асланбек Хамит, Х-11:

«Кафедра химии является одной из старейших в нашем университете. Она была образована в 1934 году в педагогическом институте города Уральск. Преподаватели кафедры внесли большой вклад в

«Спорт – моя жизнь!»

Кто-то ругает соцсети, мол, они ведут к тому, что люди отчуждаются, перестают нормально общаться. Возможно, они и правы, но не в моем случае. Именно благодаря соцсетям я смогла познакомиться с замечательной девушкой, студенткой первого курса педагогического факультета Татьяной Тарабриной. А замечательна она тем, что завоевала на чемпионате РК по вольной борьбе золотую медаль. Впрочем, все по порядку.

Чемпионы у нас в почете. А уж тем более, если она, твоя сверстница, занимается совсем не женским видом спорта на таком высоком уровне, интерес к ней еще больший. Вот и поставила цель – рассказать о ней нашим читателям. Но в деканате факультета сказали, что она сейчас на сборах. Записав номер ее мобильного телефона, я решила ей написать. Она не сразу ответила. Ответ пришел позже, но зато с согласием на интервью.

«Мне очень приятно, что мной интересуются и радуются моим успехам студенты нашего университета, - сказала Татьяна.

Она родом из поселка Пугачево Бурлинского района ЗКО. Спортом занимается с пятого класса.

«Моим первым тренером является Абдрахманов Баймурат Хусаинович. Именно он привил спортивный азарт и волю к победе. Хотя мама поначалу запрещала мне заниматься борьбой, потому что я училась на отлично и занималась музыкой – играла на фортепиано, «да и не для девочек этот вид спорта» - говорила моя мама. Но я успевала, и домашние приняли мое увлечение.

«Как удается совмещать учебу и спорт, ведь тебе часто приходится уезжать на сборы, соревнования?»

«Если честно, то сложно. Но возможно. Если очень захотеть, то можно все.

«В спорте важно победить. Сколько побед на твоём счету?»

«Не считала! (Она улыбнулась, вернее, послала улыбающийся смайлик с хитрым прищуром.)

«Какую цель ты ставишь перед собой?»

«Моя цель: на следующий год победить на чемпионате Казахстана и взять путевку на чемпионат Азии и Мира, так как этот год уже заканчивается и официальных соревнований нет. Как любой спортсмен, серьезно занимающийся спортом, я хочу участвовать в Олимпийских играх, заняв призовое место, тем самым доказать своим тренерам, что они не зря вкладывали в меня столько сил и времени. Они научили меня не

только бороться, но и жить.

«Какие трудности были на вашем пути к данной победе?»

«В прошлом году перед чемпионатом Азии я травмировала плечо и более 8 месяцев была на лечении. И первое моё соревнование после травмы был чемпионат Казахстана. Мне было трудно. Прошло много времени, как я не выходила на соревнования, появился страх. Будто я впервые вышла на соревнование (улыбающийся смайлик.) Да и после травмы было опасение. Но тренеры меня поддерживали. Это укрепило мой дух, и я победила. Но после этого я снова травмировалась (грустный смайлик), и вот только выхожу на ковёр.

«Давай представим: тебе предложили олимпийское золото и миллиард долларов и жизнь без забот. Что бы ты выбрала?»

«Я бы ни за что не променяла олимпийское золото на деньги. Ведь деньги – это ничто по сравнению со званием. Ты будешь гордиться тем, что ты олимпийский чемпион, тебя будут помнить, тобой будут гордиться. Даже после смерти это звание остается за тобой.

«Что вы можете пожелать тем, кто хочет заниматься этим видом спорта?»

«Я хочу сказать всем начинающим спортсменам, что спорт - это не просто время провождение. Спорт – это сила духа, также большой труд, это проявление силы, характера, терпения. Спорт - это жизнь во всех ее проявлениях! Всем я хочу пожелать успехов! И удачи!

«Спасибо большое, Татьяна.»

Так прошла наша беседа. Пока мы общались, время ушло за полночь. Мы и не заметили, как оно пролетело. Она оказалось очень открытым, искренним, добрым человеком. Я очень горжусь, что у нас есть такие спортсменки, которые прославляют Родину, школу, университет и главное прославят свою фамилию!

**Камила Елекбаева,
1 курс, ФКИ**

Мужская профессия – ХОРЕОГРАФ



Танец – некая жизнь, которая протекает в судьбе каждого человека. Для особенных людей – танец не просто хобби, а целая жизнь, без которой они себя не представляют. Танцы наполняют их необычными эмоциями, с которыми они наслаждаются в своей увлекательной жизни. Именно танец для них является красотой и языком тела. С танцем они идут по жизни, ощущают в себе ту самую легкость и воздушность, гармонию со своим телом и с самим собой.

И в нашем любимом городе есть такие уникальные люди. Это участники мужской танцевальной группы «Батыс», которая

существует уже 10 лет. Каждый танцор по своему индивидуален. У этой группы много достижений, а одна из главных – они являются чемпионами Республики Казахстан по брейк-дансу.

Основатель, отличный танцор, один из участников группы «Батыс» и студент нашего университета Рахимов Бауржан рассказал о своих взглядах на танец:

«Танцы для меня – жизнь. Если мне дадут лопату, и скажут копать – я не могу это делать. Я могу только танцевать. Любой человек танцует, слушает музыку, чувствует ритм. Они просто слушают ритм, а мы слушаем и показываем это танцем. Мы объясняем, разговариваем,

показываем свои чувства и даже ругаемся танцем. Для каждого парня это реально крутая тема. Например, брейк-данс, хип-хоп - шикарные стили танца для молодых людей. Ведь без танца нет жизни.

Танец – это твой пульс, биение твоего сердца, твое дыхание. Это ритм твоей жизни. Это выражение во времени и движении.

**Айша Кемешова,
студентка первого курса.
ФИЛ-12, «Филология: русский язык»**

Қазақстан құрамасы - «Еуразия Барысы»



«Қазақ хандығының 550 жылдығына» орай екі мың жылдық тарихы бар Тараз қаласында көптеген мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Сол мерекелік шаралардың бірі де бірегейі, қазақ күресінен жыл сайынғы дәстүрге айналған III Халықаралық «Еуразия Барысы» турнирі өтті. Бұл спорттық додаға сайдың тасындай іріктелген әлемнің сегіз мемлекетінен келген балуандар Тараз топырағын дүбірлетті. Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Ресей, Моңғолия, Түркия, Польша және Өзбекстан командалары жанкүйерлер үшін естен кетпес күрес қызығын сыйлады. Әр команда жеті балуаннан құралған. «Күрес десе ішкен асын жерге қояр көрермендер» сегіз сағат бойы орындарынан тапжылмастан, балуандарға қолдау көрсетті. Жарыстың жүлде қоры 18 800 000 теңгені құрайды.

Турнирдің ашылу салтанатына еліміздің зиялы қауым өкілдері мен алысты-жақыннан келген қонақтар қатысты. Турнирдің жәрмеңесі тартылып:

1. Грузия – Моңғолия
2. Қырғызстан – Өзбекстан
3. Қазақстан – Польша

4. Түркия–Ресей топтары жүлдені сарапқа салды. Турнирдің басты сенсацияларының бірі, осыған дейін өткізілген додада 2014 жылдың «Еуразия Барысы» атанған Монғолия құрамасы жарыстың бірінші айналымынан өрге аса алмады. Балуандар баптарында болғанымен, бақтары шаппады.

Сайыс қортындысы бойынша Грузия құрамасы екі мәрте 3-орынға, Өзбекстан құрамасы 2-орынға ие болды. Өз балуандарымыз Қазақстан құрамасы 1-орынға ие болып, екі мәрте «Еуразия барысы» атанды. Жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен және кубокпен, тастықпен марапатталды. Қазақ күресінің айбынын асқақтатар турнир алдағы уақытта өз жалғасын табады. Осы орайда, жөнiске жетiп, «Еуразия Барысы» атанған бiлектi балуандарымызды құттықтаймыз. Әрдайым тұғыр биiгiнен көрiнiп, ұлттық күресiмiздi өркендетуге үлесiн қосады деп сенiм артамыз.

Али НАБИ,
БҚМУ-дың 4 - курс студенті

Дүбірлі дода - намыстың қайраушысы

«Көк төрінде тойдың туы тігілді. Құтты болсын 80 жасың бүгінгі!»

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауында «Қазақ Елі», екіншісі «Мәңгілік Ел» болудың маңыздылығын айта келіп, өткен тарихымызды білмей, табысқа қол жеткізу мүмкін еместігін, бұндай қадамдарға тек аяғына нық тұрған, болашағына сеніммен қарай алатын, әлеуеті мықты мемлекет қана бара алатындығын айтқан болатын. Қазақ хандығы тойының ажарын ашқан басты жай – Елбасымыздың тарихи сөзі. Ел тағдырына қарасты бабалар аманатты тұтастыққа, ынтымақ пен бірлікке, тыныштық пен қоғамдық келісімге негізделді.



Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған салтанатты жиындағы мемлекет басшысының: «Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн көшкен жұртының қаһармандық дәуірі» - деген сөзі Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы халқын қатты толғандырды, рухын көтерді. Бүгін осы жолдауды жүзеге асыру мақсатында тағы да бір байрақты бәсеке басталғалы тұр. Қазақ хандығының 550 жылдығына және БҚО Бөрлі ауданының күнін атап өтуіне арналған көкпар, аударыспақ, тоқ бөйге, Аламан бөйге, қазақ күресі, жаяу жарыс ұлттық спорт түрлерінен ашық аудандық турнирдің туы көтерілді!

Мерейтой қарсаңында зер салып байқап отырсақ, қала көшелері қайта жаңғыртылып, түрлене түскен. Даңғыл жолдардың бойындағы жарықтандыру жүйелері жаңғыртылып, шағаладай ақ кірпіштен қаланған үйлер мен аспанмен таласқан биік мектеп үйі мен мұнда лап шақырып, жасыл ағаштар мен жас таптар ырғалып, сылдырап аққан мөлдір суы көз қуантып, көңіл марқайтады.

Жергілікті қала халқын тегіс жұмылдырып, 80 жыл тарихы бар көне қаланың тойы өтетін жерлерін абаттандыру, жаңарту, көркейту жұмыстарын жүргізудің арқасында ауа райының қолайсыздығына қарамастан қала күні құлпырып тұр, қоғамның талабынан қалмай жаңаша тіршілік етуде. Бұның бәрі айтуға оңай болғанымен көп күш пен жігерді қажет ететін іс-шаралар екені белгілі. Осындай ауданы бар азаматтар да өресі кең, парасаты мол, еңбек десе ішкен асын жерге қоятын жандар.

Ауданның тарихи өз алдына бөлек әңгіме. Сонымен, әңгімеміздің әлқиссасын оқырманға таратып айтсақ.

Мерейтойға арналған салтанатты жиын қазан

айының 2 күні Ақсай қаласы, Ғ.Жеңгіров атындағы саябақта басталды. Алғашқыда Бөрлі ауданының тұрғындары мен қонақтары еліміздің бетке ұстар түйе палуандарының өнерін тамашалады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, халықтың әл-ауқаты мен көңіл-күйін көтеру, ұзақ өмір сүруі үшін жағдай туғызу – бүгінгі күннің ең көкейтесті мәселе. Алға қойылған мақсатында Бөрлі ауданының өкімдігі мен аудандық Қазақ күресі федерациясы біріге отырып, бірлескен нақты іс-шараларды іс жүзіне айналдыру бағытында жұмыстануда.

Қазақ күресі десе делебесі қозатын жанкүйерлердің қарасы көп болды.

Алаңға жиналған жұртшылық күрестің салтанатты ашылу сәтін күтуде.

Аталмыш мерекеге Қаратөбе, Казталов, Бөрлі, Сырым, Тасқала, Ақжайық, Орда аудандары және Орал қаласының палуандары қатысты.

Еліміздің өңұраны ойналып, көк байрағы жоғары көтерілді.

Құрметті қонақтар қатарында: Бөрлі ауданының өкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев;

Аудан өкімінің орынбасары Азамат Сафималиұлы Сафималиев;

БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының бұқаралық спортты дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушысы Даурен Ақеділулы Мұқанов;

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Алпамыс Жанабайұлы Көшкінбаев;

Батыс Қазақстан облысының Қазақ күресі федерациясының Президенті Қаймен Есенаманұлы Есендіяров;

«№ 1 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» МКҚК директоры Қанат Дүйсенұлы Рахметов;

Самбо күресінен КСРО спорт шебері, ардагерлер арасында 6 дүркін өлем чемпионы, «Облыстық велосипед спорты балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» МКҚК директоры Қазбалат Сағынғалиұлы Құрманшев;

Бөрлі ауданы Қазақ күресінің федерация Президенті Марат Жұманұлы Нұржігітов;

Бөрлі дене шынықтыру және спорт бөлімі

басшысы Кабделжамел Аблқарисұлы Насипов; Бөрлі аудандық БЖСМ директоры Арман Амангелдіұлы Исанов.

Қазақ хандығының 550 жылдығына және ауданның 80 жылдық тойында осы ауданның өкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев берліліктерді бүгінгі мерекемен құттықтап, Бөрлі ауданының тыныс-тіршілігіне кеңінен тоқталып өтті.

Өткелі отырған сайыстың маңыздылығын айтып, палуандарға аудандық, республикалық жарыста жүлделі орынға ілігулеріне тілектестік білдірді.

Одан кейін сөз кезегін қонақтар алды.

Жарысқа қатысқан қай палуанның да жанарларынан жөнiске деген құлшынысты аңғару қиын емес еді. «Қазақстан-Орал» және аудандық телестудия қызметкерлерінің болып жатқан мерекені бастан-аяқ бейнетаспаға түсіріп алуы боз кілем үстіндегі палуандардың жігеріне жігер қосқандай әсер етті, жарысты тамашалап жүрген жиналған көпшіліктің де көңілі көтеріңкі болды.

Алғашқыда 80 келіге дейінгі салмақта 15 палуан күш сынасты. Сырым елінің палуандары намысты қолдан берген жоқ. Айтқанымыздай, қарсыластарын алма-кезек алып ұрған сырымдық Альбек Ғабдешов жарыс жеңімпазы деп танылып, 50 мың теңгелік бөйгені олжалады. Сырымдық Темірлан Ғаббасов пен Айбол Уразғалиевтар II, III орындарды иеленіп, тиісінше 30 – 20 мың теңгені қанжығаларына байлады.

Төл күресімізді насихаттау мақсатында қазақ күресінен «Түйе палуандар» сайысы ұйымдастырылды.

Арқа қоздырар аруақты өнер сайысын көптен аңсап, сағынып қалған ел сом білек, құрыш қол ұлдарының өнерлерін тамашалап, жауырыны жерге тимеген даңқты палуандар құрметіне қол соқты. Осынау палуандарды көзімен көрген жас бүлдіршіндеріміздің қазақша күрес өнеріне деген ынталары арта түскендей.

Түйе палуандық атақ үшін белдесулерде де палуандар аянып қалмады. 80-нен жоғары салмақта сыңға түскен 10 палуанның осы қалып жоқ болатын. Бұл сайыста финалдық бәсекеде Ернар Хамзин (Казталов) бірінші орынды жеңіп алып, жеңіл автокөлікке ие болды. Екінші орынды 200 мың теңгелік ақшалай сыйлыққа Ансар Хамзин (Казталов) ие болса, үшінші орындық жүлдеге тігілген 100 мың теңгені Олжас Сүлейменов (Казталов) ұтып алды.

Келесі күні аудан орталығынан бес шақырым қашықтықтағы Ақсай қаласының Батыс бетінде ат шаптырылып, көкпар тартылды. Жиналған халықтың қисабы жоқ. Жиырмаға тарта қаз-қатар тігілген ақшаңқай киіз үйлерде дастархан жайылып, қонақасы берілді.

Сайысқа қатысушылар алғашқы күннен өздерінің шапшаң әрі күшті екенін дәлелдеуге тырысты.

Алғашқы күннің қортындысында 2,5 шақырымдық жаяу жарыстан бірінші болып желаяқ Долинный Анатолий келсе, екінші болып Кеңесов Досбол, үшінші болып Шайхиев Мейрамбек мәре сызығын қиып өтіп, ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Тойшылардың дені ұлттық ойынымыз – ат жарысты тамашалады. Бағдарламаға сәйкес ат жарысы екі түрлі қашықтықта оздырылды. Атап айтар болсақ «Тоқ» бөйге, «Аламан» бөйге.

Ат бөйгесінің жүргізушісі қазақ күресінен «Қазақ ССР-ның спорт шебері» Сырым ауданы ат спорты федерациясының Президенті, Аралтөбе ауылындағы «Жымпиты» ЖШС-ның директоры Мүтәлі Тереғалиевтің қоңыр даусы:

«Бөйге тек Батыс Қазақстан облысына қарасты аудандар арасында болады»- деген хабарды естіген ел күні бұрын елдендеп, сол оқиғаның қызығына тояттар шақты асыға күткені белгілі. Желмен жарысар жүйрігін баптаған атбегілер өз еңбектерінің жемісін көруге асыққан. Айтулы күні сылаң қаққан сәйгүліктерімен ат шабарлар ипподром маңын топтырды. Маңайда ұзын-сонар тізбекпен, бірінен соң бірі ағылып келіп жатқан сансыз көп көлік одан бетер. Аудан өкімдіктерінің қолға алуымен бой көтерген ақшаңқай киіз үйлер де дала төсіне ерекше көрік беріп тұрды.

Бөрінің күткені - жүректі өрікітіп, көңілді алып-ұшқан бөйгенің тезірек басталуы еді. Он бес шақырымдық тоқ бөйге жарысы барысындағы бәсеке көрерменнің делебесін қоздырып, айызын қандырды.

Қызуқанды ағайынның аптығын төртітті қадағалау үшін арнайы шақырылған полиция қызметкерлері қадағалап отырды. 15 шақырымдық тоқ бөйгеге 17 сәйгүлік қатысып, бақ сынады. Бұл бөйгеде бас жүлдені (200 мың теңге) Теректілік «Жақандар» деген жүйрік (иесі Шалабаев Абай) иеленсе, екінші – үшінші орынды Тасқалалық (150 мың теңге) «Диноско» (иесі Жұмашев Азамат) және Теректілік (100 мың теңге) «Мальчик» (иесі Шалабаев Абай) иеленіп, қомақты қаржымен марапатталды.

Бөйге десе, оның ішінде аламан бөйге десе делебесі қозбайтын қазақ баласы жоқ шығар. Бөйгешіл қауым үшін хас тұлпарды анықтар аламан бөйгенің орны тым бөлек екені даусыз. Атап айтар болсақ, аламан бөйгеде (25 шақырымдық) 17 шабандоз бақ сынасып, Бөрлі - Аралтал ауылынан Жұбаншыл Хасановтың баптаған «Ақтану» деген жүйрігі бас жүлде «Lada Granta» автокөлігін жеңіп алды.

Екінші орынды Бөрлі- Бумақөл ауылынан Сәрік Төлегеновтің «Қасқа» деген жүйрігі (300 мың теңге) алса, мәре сызығын үшінші болып Ақжайық ауданынан Мұрат Сариевтің «Торы алаяқ» атты тұлпары қиды. Иесіне 200 мың ақшалай сыйлық табыс етілді.

Ипподромға жиналған жанкүйерлер ат бөйгесінен басқа көкпар, аударыспақ секілді ұлттық ойындардан өткен бәсекелерді де тамашалады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді аудан өкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев құттықтап, өз қолынан сый-сияпат табыс етті. Сөз соңында мәдени іс-шараны жоғары деңгейде өткізген аудан өкімі Марат Түсіпқалиевке, оның өкімшілігі мен ұйымдастыру комитетіне көпшілік қауым атынан үлкен рахмет айта кеткенді жөн көріп отырмын. Ауданның 80 жылдық тойы құтты болсын! Той тойға ұлассын!

Асқар Халиоллаұлы Әбубөкіров,
Спорт ардагерлері басқармасының мүшесі,
«Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін»,
«Ел ардақтысы», «Элита»
медальдарының иегері

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КӨРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТӨРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ІШКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз баслымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТИПШІЛЕР:

Ақсана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: АҚЗИЯ АДИЛОВА НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

РАХАТ КАМЕНОВ

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕПОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында төріліп, беттелді.
«Полиграфсервис»
ЖШС баспаханасында басылды.